

«Erasmus+ бағдарламасы – Виго қаласында оқытушылар мен студенттер үшін»

<https://www.conservatoire.edu.kz/upload/09-2025/regulation of academic mobility rus.pdf>

Erasmus+ бағдарламасы аясында 2025–2026 оқу жылында Испанияның Виго қаласындағы Жоғары музыка консерваториясында тағылымдамадан өтуге конкурс жарияланады. Тағылымдама барысында университеттің оқытушылары мен студенттері үшін семинарлар және/немесе дәрістер, шеберлік сабақтары мен концерт өткізу жоспарланып отыр.

Студенттердің сапар кезеңі: **2026 жылғы қаңтар–мамыр.**

Профессорлық-оқытушылық құрамның сапар кезеңі: **2026 жылғы наурыз.**

Студенттерге арналған грант саны: 3 орын (әрқайсысы 5 айға).

Профессорлық-оқытушылық құрамға арналған грант саны: 3 орын (әрқайсысы 7 күнге).

Конкурсқа қатысу үшін кандидаттар келесі критерийлер мен талаптарға сай болуы тиіс:

- Жауапкершілік пен қарым-қатынасқа бейімділік;
- Барлық оқу кезеңіндегі бағалары: «А», «А-», «В+», «В», «В-» (студенттер үшін);
- Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының қоғамдық өміріне белсенді қатысу, оқу орнын абыроймен таныстыруға дайын болу;
- Жеке қасиеттері, психологиялық тұрақтылығы, әлеуметтік бейімделгіштігі;
- Жақсы денсаулық жағдайы (кандидат денсаулық жағдайын растайтын медициналық анықтама тапсырады);
- Республикалық немесе халықаралық байқаулардың лауреаты дипломдарының және мамандығы бойынша өзге де сертификаттарының болуы.

Басымдық Erasmus+ бағдарламасына және Норвегияның «Еуразиялық қауымдастық» жобасына бұрын қатыспаған кандидаттарға беріледі.

Профессорлық-оқытушылық құрам мен грант иегері студенттер үшін Erasmus+ бағдарламасы келесі шығындарды жабады: екі жаққа жол ақысы, тұру, тәуліктік шығындар. Медициналық сақтандыру және консулдық алым қатысушылардың өз қаражаты есебінен төленеді.

Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын, ақылы негізде оқитын студенттер және шетелдік студенттер байқаудан өткен жағдайда шығындарды өздері көтереді. Бұл ретте олар серіктес ЖОО-да оқу кезеңінде оқу ақысының төлемінен босатылу үшін өтініш бере алады.

Алдын ала іріктеу қабылдаушы тараптың тиісті факультеті арқылы жүргізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттар тізімі:

<https://drive.google.com/drive/folders/1QXug9bCRCASJ2pFj8lXVCQmhS8nE0b1j>

1. Халықаралық бағдарлама есебінен шетелде оқу/тағылымдамаға шығуға өтініш;
2. Оқу ақысына босату туралы өтініш (ақылы негізде оқитын және шетелдік студенттер үшін);
3. Қазақстан Республикасының азаматының шетелде оқу/тағылымдамаға шығу жөніндегі анкета (белгіленген үлгіде);
4. Алдыңғы оқу кезеңінің транскрипті (тіркеу бөлімінен беріледі) (студенттер үшін);
5. Мотивациялық хат. Тағылымдамаға/оқуға шығу себептерін қысқаша түсіндіру (MS Word, A4, кемінде 500 сөз, бірлік интервал, қаріп – 12);
6. Кафедра меңгерушісі мен тиісті факультет деканының мінездемесі (ұсыныс хат);
7. Жауапкершілік туралы қолхат үлгісі;
8. Паспорт көшірмесі;
9. Ата-анасының (және/немесе жұбайының) нотариалды куәландырылған келісім хаты (Қазақстан Республикасының азаматын екі айдан астам мерзімге шетелге жіберуге рұқсат беру үшін, 18 жасқа толмағандар үшін);
10. Жауапкершілік туралы қолхат үлгісі;
11. Ағылшын тілін жеткілікті деңгейде білу: ауызша және жазбаша сөзді түсіну, дәріс, семинар, шеберлік сабақтарын өткізу. Шетелдік ЖОО-ға шығу кезінде (қабылдаушы серіктес ЖОО талаптарына байланысты) оқу бағдарламасына сәйкес келетін деңгейді растайтын тіл сертификатының (IELTS, TOEFL, HSK) болуы құпталады. Лекциялар мен шеберлік сабақтарда аударма қамтамасыз етілмейді;
12. Жеке оқу жоспары (ЖОЖ) (студенттер үшін);
13. Резюме (қоса берілген үлгі бойынша);
14. Өнер көрсетуге арналған аудио/бейнежазбалар (немесе сілтемелер) және орындалған шығармалардың атаулары (орындаушылық факультеттер үшін);
15. 10–15 минуттық жеке орындау бағдарламасы (MS Word, A4) (орындаушылық факультеттер үшін);
16. Ғылыми жарияланымдар, мақалалардың көшірмелері (музыкатанушылар мен арт-менеджерлер үшін).

Өтініштерді қабылдау мерзімі: 2025 жылғы 13 қазанға дейін.

Барлық портфолио халықаралық бағдарламалар және ынтымақтастық бөліміне (004 кабинет) тапсырылады.

Кандидаттар іріктеу комиссиясының сұхбатқа шақыруына тиісті факультеттер арқылы шақырылады.

Күні кейінірек факультеттер арқылы және жалпы WhatsApp чатында хабарланады. QR код төменде көрсетілген.